

МРНТИ 18.41.85

*Дария Адилбаева¹**¹Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан***Ә.ЖЕЛДЫБАЕВТЫҢ «ЕРКЕ СЫЛҚЫМ»
КҮЙІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Аннотация**

Берілген мақала қазақ аруының сұлулығын, кербез қылығын, бір сөзбен айтқанда, тұтас бекзат болмысын қос ішектің күмбіріне сыйдырған күйші-сазгер Ә. Желдыбаевтың «Ерке сылқым» күйін зерттеуге арналады. Бұл мақаланы жазудағы автордың негізгі мақсаты – туындының музыкалық-стильдік ерекшеліктеріне талдау жасау арқылы күйдің отандық музыка мәдениетіміздегі орнын анықтау болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін автор Ә. Желдыбаев шығармашылығын қалыптастырған алғышарттарға және «Ерке сылқым» шығу тарихына тоқталып, күйдегі стильдер сабақтастығын, дәстүрлі және заманауи ерекшеліктердің түйісуін қарастырады. Шығарманы талдауда автор кешенді, салыстырмалы-типологиялық, т.б. әдістерді қолданып, оның тақырыптық, композициялық, өлшемдік-ырғақтық, сондай-ақ, ладтық-интонациялық ерекшеліктерін қарастырды; отандық күйтанушы, этномузыкатанушы С.Б.Өтеғалиеваның әдістемесіне сүйеніп, оның күйге қатысты өзіндік талдау жолдарын ұсынған. Сонымен қатар, автор «Ерке сылқым» күйін зерттеуде күйтанушылардың (Б. Байқадамова, Д. Бахтиғалиева, Е. Тұңғышұлы, Б. Мүптекеев, Б. Игілік, М. Әбуғазы, Ж. Жүзбай. т.б.), музыкалық-теориялық және музыкалық-практикалық мәселелерге қатысты ғылыми еңбектеріне сүйенді. Аталған күйді зерттеуде автор өнертану докторы, профессор С.Өтеғалиеваның күй талдау әдістемесінің негізгі тұжырымдарын пайдаланды. Шығарманы талдай келе, автор оның әйел образына арналғанын, күйдің образдық жүйесінде күй мен ән жанрларына ортақ желінің барын, күй фактурасының бір және екі дауыста болатынын байқап, шертпе және төкпе күй стильдерінің ерекшеліктерінің сабақтастығын айқындайды. Ал сол ерекшеліктер аталған күйдің домбырашылар репертуарынан тұрақты орын алып, тыңдаушы ілтипатына бөленуінің маңызды себептерінің бірі болып табылады.

Түйінді сөздер: Жетісу күйшілік дәстүрі, Ерке сылқым, лирика тақырыбы, төкпе және шертпе стильдері, НИЫК (негізгі интонациялық ырғақтық кешен).

*Дария Адилбаева¹**¹Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы Казахстан***МУЗЫКАЛЬНО-СТИЛЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ КЮЯ А. ЖЕЛДЫБАЕВА
«ЕРКЕ СЫЛҚЫМ»****Аннотация**

Актуальность выбранной темы обусловлена недостаточной изученностью кюя А. Желдыбаева – «Ерке сылқым». Известно, что последние пол века кюй, создание которого было основано на воспоминаниях автора о своей первой любви, имеет широкую популярность не только в отечественной музыкальной культуре, но и среди казахов ближнего и дальнего зарубежья. Ранее авторы-публицисты в основном писали о художественно-эстетических особенностях «Ерке сылқым» и кюй не был объектом анализа этномузыковедов. Цель предлагаемой статьи – рассмотрение музыкально-стилевых особенностей кюя А. Желдыбаева. Данная цель определила выполнение таких задач, как:

1. Обозначение места кюя А. Желдыбаева «Ерке сылқым» в домбровой традиции Жетісу и в общенациональном масштабе; ознакомление с историей его создания;

2. Определение образно-тематических и музыкальных особенностей кюя; рассмотрение их с позиции синтеза традиционного и современного, а также взаимосвязи домбровых стилей шертпе и токпе.

Для сравнения автор использует примеры кюев жетісуйского и западноказахстанского регионов, песни местных авторов популярной музыки и др. При изучении кюя были применены

комплексный и сравнительно-типологический методы, а также методика анализа кюев профессора КНК им. Курмангазы, доктора искусствоведения С. Утегалиевой. Вместе с тем, при изучении кюя «Ерке сылқым» автор опирался на труды Б. Байкадамовой, Д. Бахтигалиевой, Е. Тунгышулы, Б. Игилик, Б. Муптекеева, М. Абуғазы, Ж. Жузбай и др. Выводы данной работы могут быть использованы в учебно-методической практике, а также в исследованиях по кюеведению.

Ключевые слова: домбровая традиция Жетысу, Ерке сылқым, тема лирики, домбровые стили: шертпе и токпе, ОИРК (основной интонационно-ритмический комплекс).

Dariya Adilbayeva¹

¹*Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Almaty, Kazakhstan*

MUSICAL AND STYLISTIC FEATURES A. ZHELDYBAYEVA KYU'S «ERKE SILKYM»

Abstract

The relevance of the chosen topic is due to the insufficient study of A. Zheldibaev's "Erkesylkym" kyui has a half-century history. For about half a century, the kyui, the creation of which was based on the author's memories of his first love, has wide popularity not only in the national musical culture, but also among the Kazakhs of the near and far abroad. Earlier, kyu was not an object of analysis for ethnomusicological study. Publicist authors mainly wrote about the artistic and aesthetic features of "Erkesylkym". The purpose of this article is to determine the place and meaning of A. Zheldibaev's kyui in the context of contemporary Russian musical culture. This goal determined the fulfillment of such tasks as:

1. Designation of the place of A. Zheldibaev's "Yerkesilkym" kyu in the Zhetysudombra tradition and on a national scale; familiarization with the history of its creation;
2. Definition of the figurative-thematic and musical features of the kyui; consideration of them from the perspective of the synthesis of traditional and modern, as well as the relationship of the shertpe and tokpedombra styles.

For comparison, the author uses examples of kyuis of the Zhetysu and West Kazakhstan regions, songs of local authors of popular music, etc. In the study of the kyui, complex and comparative typological methods were applied, as well as the method of analyzing the kyuis by Doctor of Arts S. Utegalieva of Professor Kurmangazy KNC. At the same time, the author used the works of B. Baykadamova, D. Bakhtigalieva, E. Tungyshuly, B. Igilik, B. Muptekееv, M. Abugazy, Zh. Zhuzbay and others to study the "Yerkesilkym" kyu. The conclusions of this work can be used in educational and methodological practice, as well as in research on studies of the Kyui.

Key words: dombra tradition of Zhetysu, Erkesylkym, theme of lyrics, dombra styles: shertpe and tokpe, MIRC (main intonational-rhythmic complex).

Ұсынылып отырған мақала тақырыбының өзектілігі соңғы жарты ғасырда отандық және еліміздің тәуелсіздігін алған жылдары шетелдік аудиторияға танымал болып келе жатқан Ә. Желдібаевтің «Ерке сылқым» күйінің көбінесе көркемдік-эстетикалық сипаты ашылып, оған негіз болған музыкалық-стильдік ерекшеліктерінің осы күнге дейін талданып қарастырылмауымен түсіндіріледі. Мақаланың мақсаты – отандық заманауи күй өнеріндегі Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйінің орнын айшықтау. Көрсетілген мақсатқа жету жолында

1) Ә. Желдібаевтың заманауи музыка мәдениетіміздегі орнын көрсету; «Ерке сылқым» күйінің қысқаша тарихымен таныстыру;

2) «Ерке сылқымның» тақырыптық және музыкалық ерекшеліктерін анықтап, ондағы дәстүр сабақтастығы мен жаңа заман сипатының синтезін көрсету міндеттері қойылады. Күй ерекшеліктері батысқазақстандық күйлердікімен салыстырылып, сондай-ақ, жергілікті бұқаралық музыка авторлары әндері әуендерімен ұқсастығы байқалады. Мақалада кешенді және салыстырмалы-типологиялық әдістемелермен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, өнертану докторы С. Б. Өтеғалиеваның күй

талдау әдістемесі қолданылған. Мақала тұжырымдары оқу-әдістемелік практика мен ғылыми-зерттеу еңбектерінде пайдаланылуы мүмкін.

Басқа бірқатар аймақтардағыдай, Жетісу күйшілік дәстүрі өз ішінде тармақталып, оның оңтүстік-батысындағы Шу мен Талас өңірінің орындаушылық мәнері жеке арна ретінде дамығаны белгілі. Өткен ғасырдың екінші жартысында жергілікті күйшілік мектебінде шертпе және төкпе стиль бағдарын жасаудың алтын қазығы ретінде Нұрғиса Тілендиевті үлгі етіп алуға болады, өйткені, ғасырлар бойы кемелденген күйдің стильдік ерекшеліктері бізге осы дарынды тұлға өнері арқылы аманатталды. Н. Тілендиевтің репертуарындағы күйлерде қоңыр сазды шертіс пен қызу қанды төкпе кезектесіп тұрады, екі қолдың еркіндігінде шек жоқ, ал, күй сазына келер болсақ - қазақ пен қырғыздың әуездері бірден құлаққа келеді, асқан сезімшілдік пен виртуоздық тәсілдер қат-қабат араласып, тыңдаушыны баурап алады. Н. Тілендиев бұл дәстүрді атасы Тілендіден, атақты ақын Жамбыл мен көрнекті әнші-сазгер Кенен Әзірбаевтан үйренгені белгілі. Мақалаға өзек болып отырған «Ерке сылқым» күйінің авторы Ә.Желдібаев осындай даңқты тұлғалардың соңына еріп, төкпе және шертпе стильдік үлгілерді мұра қылған бүгінгі көзі тірі жалғастырушысы. Сонымен қатар, сазгердің кәсіби қалыптасуына бұрын аз насихатталып, күйлерінің жинағы жуырда жарияланған Ә. Шыңғожаевтың [1] үлгі-тәлімі айтарлықтай маңызды болған. Ол күйшіден бірнеше күй үйренгенін Ә.Желдібаев белгілі журналист К. Адырбековке берген сұхбатында айтқан [2]. Қазақ өнер университетінің профессоры, күйші Ж.Жүзбай өзінің «Күй серісі» атты мақаласында Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқымның» еліміздің күй мәдениетіндегі орнын дәйектеп: «Қазақта күйші көп. Бірақ халықтың жүрегінен орын алатын, ойын-тойына әуез боп шаттығына куә болатындай күй шығару екінің бірінің қолынан келе бермейтіні рас. Осы орайда қазақтың сонау дана жадында қалған «Ақсақ құлан», «Қаражорға», «Кеңес», «Наридірген», «Келіншек» сияқты мәңгілік мақамдардың қатарына жаңа замананың жаршысындай боп Әбекеннің еркелеген «Ерке сылқым» қосылды» деп жазады [3].

Күйші-зерттеуші қазақта бұл күйді білмейтін жан жоқ десе болатынын, қолына домбыра ұстаған жанды қаумалаған әлеумет әуелі «Ерке сылқымды» тартшы!» деп қолқалап, ерке күй Ресейде, Қытайда, Моңғолияда, Қырғызстанда, Өзбекстанда танымал туындыға айналғанын айтып, ойын: «Болашақ" бағдарламасымен Еуропада оқып жатқан жастар елін сағынғанда жиналып осы күйді тартады. Бұл екі домбырашының біріне қона бермейтін бақ десе жарасады» деп аяқтайды [3]. XX-ші ғасырдың 70-ші ж.ж.-нан бастап еліміздің ең танымал заманауи күйіне айналған бұл шығарма көптеген публицистикалық мақалалардың тақырыбына айналып, «Ерке сылқым» скульптурасының жасалуына шабыт берді.



Ескерткіш 2011 жылы күйшінің отаны Жамбыл облысы, Шу ауданында ашылды [4].

«Ерке сылқым» – Ә.Желдібаевтың ең алғашқы шығарған күйлерінің бірі. Күйдің жалпы көркемдік бейнесін айтқанда, композитордың бұл күйі қазақ аруларына арналып шығарылған, ал тарихи деректерге жүгінгенде, жиырма жасында Ә.Желдібаев бір аруға ғашық болады. Бірақ тағдыр екеуінің жолын қоспайды. Сезімін сөзбен айтып жеткізе алмаған соң, ақыры оны тек күйдің жүрек қылын шертетін әуенмен ғана жеткізуге болатынын сезеді. Күйдің әуенін тапқанша композитордың жиырма жылдай уақыты кетеді. Осылайша «Ерке сылқым» күйі дүниеге келеді. Күй барша қазақ қыздары образдарының жиынтығы. Күй арқылы композитор бойжеткеннің асқан сұлулығын, оның көз жанарын, түр -сипатын, қылығын, күлкісін, жүріс-тұрысын бейнелейді. «Егер махаббатыма деген сезімім жалған болса, қазақтың қыздарын өзгелерден артық көрмесем, мұндай күй тумас та, елдің игілігіне айналмас та еді», –дейді композитор Ә.Желдібаев [5].

Күйдің көркемдік мазмұнына байланысты айтылатын нәрсе – көптеген әнші-күйші композиторлардың атақты шығармалары сүйгеніне қосыла алмағанынан дүниеге келгені

белгілі. Мысалы, Қазанғаптың Балжан қызға, Ақан Серінің Ақтоқтыға арналған циклдері, Сауытбектің ғашығы Ақөбекке арнауы, т.с.с. Яғни, «Ерке сылқымды» шығарғанда Ә.Желдібаев тақырыбы жағынан бұрыннан келе жатқан жалпыұлттық дәстүрді жалғастырған деп айтуға толық негіз бар.

Зерттеуші Е.Тұңғышұлы күй туралы: «*Ерке сылқым*» күйінің көркем әуені, үйлесім әрекеттері күйші шығармашылығының бір биігі екенін аңғартады. Шығарма табиғатта кездесетін жан сұлулығын, тән сұлулығын, асқақ лириканы суреттеп, күйшінің ішкі сырын, тебіренісін, өзіндік қолтаңбасын айқын сездіреді. Күйдің негізі ән әуенінің ырғағымен астасып, дәстүрлі күй буындарымен біртұтас композиция тудырған» деп жазып, оны талдағанда, күй кіріспесіне дыбыстың естілуін ұқсастыра қайталау әдісі қолданылғанын, дәстүрлі пішін қалыпқа сүйеніп, күйдің музыкалық тарауларын күй буындарын алмастыру арқылы композитор шығарма құрылымын жинақы етіп бере білгенін байқайды [6, 32]. «Күйдің екпіні жүрдек, орындау мәнері төгіп тартылғанымен, лирикалық әуенінің ырғағы күйші қолтаңбасын айқын көрсетеді. Яғни, автор күйдің образдық жүйесіне күй мен ән жанрларының сабақтасуын, бұл шығарманың ырғақтық жүйесінің күйші-композитордың дара стилін қалыптастырудағы маңызды қызметін белгілеген» деп білдірген пікірінде Ә.Желдібаевтің басқа бірқатар күйлерінде білінетін, яғни, төлтума стиліне тән ерекшелікке назар аударады [6, 32].

Бұл күйдің сұлу қыз, яғни, әйел образына арналуы оның музыкалық әсерлеу ерекшеліктерінің және құрылымының аса күрделі болмауы «Ерке сылқымды» жанрлық сипаты жағынан оған ұқсас батысқазақстандық (бөкейлік) белгілі «*Ақжелең*» күйлерімен жақындастырады. Аталған топ күйлерін ұлттық күйтануымызда ғалым Д.Бақтығалиева зерттегені мәлім [7].

«*Ерке сылқым*» күйі шертпе және төкпе күй стильдерінің араласып қолданылуымен жазылған. Ә.Желдібаевтың мұндай стильдегі туындылары қатарына «Төле би толғауы», «Көкшолақ», «Жамбыл баба жыр толғайды», «Шабыт» күйлері жатады. Төкпе және шертпе стильдерінің бір күйдің ішінде қатар тұруы Алтай-Тарбағатай күйлерінде, сондай-ақ, қазіргі заман отандық күйші-композиторларының шығармаларында жиі кездеседі. Бұл туралы С.Өтеғалиева, Б.Игілік, Б.Мүптекеев, М.Әбуғазы т.б. авторлардың еңбектерінде жазылғаны белгілі [8, 9, 10, 11, 12]. Жетісу дәстүрінде мұндай фактуралық ерекшелік халық күйі «Ақсақ қыз», Тіленді «Бауырлаштарым», «Аққу», Н.Тілендиев «Ата толғауы», «Атадан мұра», «Әлқисса» күйлерінде байқалады.

«*Ерке сылқым*» асықпай, ойнақы, бірқалыпты орындалады. Бұл күйде композитор тақырыптың атына сай образдық, яғни қыздың сұлулығын, оның жүріс-тұрысын бейнелеген. Күй кварталық (оң бұрауда) орындалып, *g-d* ладтық тірегінде, $2/4$ бірқалыпты метрикалық өлшемде жазылған. Оның музыкалық құрылымы төкпе стиліндегі күйлердікіне ұқсап, *Кіріспе*, *НИЫК О.б Саға НИЫК Б.б Саға1 Саға2 О.б. НИЫК* бөлімдерінен құралған. Даму тәсілдері ретінде күйде секвенциялылық пен әуенді қайталау жиі кездеседі.

Кіріспе тақырыбын күйдің алғашқы тақырыбы деп қарастыруға болады, яғни, бұл күйдің интонациялық жүйесіндегі құрылымқалыптастыру принципі ХІХ-шы ғасырда ұлы күйші Құрманғазының бастап кеткен қостақырыпты күйлеріне жақын [13]. Бірақ, атақты композитордың «Алатау», «Төремұрат», «Ақбай» т.б. қостақырыпты күйлері философиялық, батырлық және еркіндікті көксеу образдарына арналса, тарихи әлеуметтік фармация жаңарған кезде туылған Ә.Желдібаевтің күйі ғашықтық лирика тақырыбына негізделген. Сонымен қатар, «Ерке сылқым» да, Құрманғазының «Ақбай» күйі тәрізді, алғашқы тақырыбымен қорытындыланады [14].

Күйдің кіріспесі домбыраның үстіңгі ішекте бір дауысты фактурада берілген. Ашық ішекте орындалатын «*d*» дыбысы әуеннің *b-a-c-a* тондарының арасында қайталаынады (*сүрет 1*).

Сурет 1

Ерке сылқым

Асықпай, ойнақы

Ә.Желдібаев



Күй кіріспесінде әуенде негізгі тоннан кейін жоғары орналасқан кішісексталық тонның квинталық дыбысқа және кішісептималық интервалға негізделген мотивтің–кішісексталық тонға өтіп, кейін кварталық дыбысқа түсуі – Ә.Желдібаевтің отандық бұқаралық (әсіресе, әуесқой авторлар әндерінде) музыкада ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жиі қолданылатын стереотиптік иірімдерді бойына сіңіргенін көрсетеді. «Дәуірдің интонациялық сөздігінен» (Б.Асафьев термині) пайда болған кіріспе әуенінің «Ерке сылқымның» кең аудитория тез қабылдайтын күйіне айналуына әсері аз емес. Аталған интонациялық иірім ХХ ғасырдың соңына таман күйші-сазгердің жерлестері – А. Қоразбаевтың («Сағындым Алматымды»), Ә.Тінәлиевтің («Фәриза»), т.б. әндерінде қолданылғаны белгілі. Сондай-ақ, «Ерке сылқымның» еліміз бен алыс-жақын шетел қазақтарының репертурына кіруіне метрикалық өлшемінің құбылмай, бірінғай болуы, ырғақтық формулаларының қарапайымдығы да өз ықпалын тигізді.

Күйдің кіріспесі бір ішекте, бір дауыста жүргенімен, дыбыстың ашық ішекте қайталанып тұруын – бір дауыс, ал әрбір тактінің екінші жартысында *g1*-ден жоғары регистрде орналасқан дыбыстарды – шартты екінші дауыс деп түрде қарастыруға да болады. Композитордың күйдің кіріспесінде қолданған мұндай тәсілі әуенді табиғи түрде *d-g* ладтық тірегіне жеткізеді. Қазақтың домбыра күйлеріндегі виртуалды көпдауыстылық туралы ғалым К.Клопованың диссертациялық еңбегі күйдің фактуралық ерекшеліктерін тың жағынан қарастыруға арналғаны белгілі [15, б. 56]. Сол себепті Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйін талдағанда, орайы келгенде, бұл тұжырымды да қалыптасқан әдіснамалар пікрлерімен қатар қолданған орынды деп ойлаймыз.

Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында білім алған композитор оқу жылдары домбырашылардың бағдарламасында басты орын алған төкпе стиліндегі көптеген күйлерді меңгергені белгілі. Ал өзінің туып өскен аймағы – Шу өңірінен ол консерваторияға дейін мақала басында аты аталған өнер тарландарымен қатар, жергілікті дәстүрлі күй өнерін меңгерген Ыдырыс күйшіден тәлім-тәрбие алған. Күйші композитор Тәттімбеттің шертпесін, Құрманғазының төкпесін, Сүгірдің көңіл сергітер күйлерін тындап әрі орындай жүре, өзінің көрнекті туындылығын жазды. Сол себепті «Ерке сылқым» күйінде күйшінің бойына сіңірген жергілікті шертпе және төкпе стиліндегі ерекшеліктер, сондай-ақ, бұқаралық музыка интонациялары қорытылып, ол өзін кең тындарманға танытқан шығармаға айналды.

Төкпе стилінен «Ерке сылқымға» буындық құрылым принциптері ауысқан. Ладтық тіректердің бас буында «*d-g*», орта буын «*b-f*», ал 53-ші тактіден саға басталады. Одан кейін 109 – тактіден қайталанған кіріспе бөлім енді екідауысты фактурада жүреді. Одан кейін НИЫК (негізгі интонациялық ырғақтық кешен) көрсетіліп, әуен орта буынға көтеріліп кетеді. Бұл бөлім бұрын өткен орта буынды толық қайталайды.

Әрбір бөлімнен кейін бас буынның ладтық тірегі қайталанады. Күй соңындағы ладтық тірек батысқазақстандық оң бұраудағы күйлерінде көбінесе «*d-g*» болса, бұл күйде ладтық тірек унисонға келеді. 149-173 т.т.– ұлғайтылған саға. Бұл бөлімде композитор алдымен алғашқы сағаның материалын пайдаланып, кейін оны фактуралық және әуендік тұрғыдан кеңейткен (сурет 2).

Сурет 2



Дәлірек айтқанда, бұрын өткен сағадағыдай, әуен жоғары қарай октаваға көтеріледі, сол жерде «d2-g2» ладтық тірегіне көп мән беріледі. Сағаның бұл тарауында ладтық тірек кіріспедегі дыбыстардың (g-a-b) бір октаваға жоғары көтерілген иірімдері арқылы бекітіледі. Сағаның екінші тарауында төменгі ішектегі әуен c2-d3 дейін, яғни, батысқазақстандық күйлердің үлкен сағасындағыдай биіктікке дейін көтеріліп, кейін секвенциялық жолмен екінші октавадағы «d-g» ладтық тірегіне түседі.

Ал 174-тактіден басталған тарау шертпе стиліне тән әннің қайырмасы секілді қызмет атқарады, яғни ойды аяқтап, музыкалық қозғалысты «g» тірек тонына келтіреді. Ол тон бірнеше рет қайталанып, бір дауысты фактурада бекітілгеннен кейін, ең соңғы тарауда күйдің кіріспесінің әуені тақырыбының ең алғашқы тактілерімен қосарланып қайталанып, күй сонымен аяқталады. 176-тактіден басталатын қайырма іспеттес әуен Дәулеткерейдің «Қосалқа II түрі» күйінің әуеніне ұқсас екені байқалады. Екі күйдегі мұндай ұқсастық көркемдік бейнелер ортақтығынан туындайды. Әйел бейнесі – Даулеткерей шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі екені белгілі [16, б. 71]. Бұл ерекшелік күй маманы Г.Балманованың әдістемелік еңбегінде көрсетілген [17, б. 6].

Сурет 3



Сурет 4 Дәулеткерей «Қосалқа 2 түрі»



Күйдің бірінші сағасын тыңдаушы әуеннің жоғары регистрге жетіп, өрбігенінен біледі. Ал фактуралық тұрғыдан алғанда, «Ерке сұлқымдағы» бұл бөлім классикалық

сағадан өзгеше, себебі Бөкей ордасының күйлерінде саға бөлімінде көбінесе үстіңгі ішек алдында ашық болып, кейін сол ішекте күйдің тақырыптық материалы дамытылып көрсетіледі, яғни, сағада алдымен дауыстардың арасындағы кеңістік басқа бөлімдерге қарағанда алшақ болып, кейін жақындағанның өзінде жоғарғы ішектің тақырыпты жалғастыратын стереотиптік ерекшеліктерінің бар екені көрсетіледі.

Мақала соңында Ә.Желдібаевтің «Ерке сылқым» күйі бойынша төмендегідей қорытынды тұжырымдар шығаруға болады:

1. Күйдегі ғашық жігіттің сүйгеніне қосыла алмай, ол арманнан көркемдік музыкалық шығарманың туылуы – бұрынғы ғасырларда еліміздің әртүрлі аймақтарының әндері мен күйлерінің болғандықтан, жалпыұлттық сипаттағы тақырып болып табылады;
2. Ә.Желдібаев – оңтүстік батыс Жетісу дәстүрінің жалғастырушысы. Күй өнерін үйренуіне Ә.Шынғожаевтың, Н.Тілендиевтің, т.б. күйшілердің әсері үлкен болған ;
3. Күйдің лирикалық тақырыпқа шығарылуы мен музыкалық ерекшеліктерінің аса күрделі болмауы оны батысқазақстандық «Ақжелең» тобындағы күйлермен жақындастырады;
4. Ә. Желдібаевтің «Ерке сылқым» төкпе және шертпе стильдерінің сабақтасуынан шыққан күй. Мұндай ерекшелік Жетісумен қатар, Алтай-Тарбағатай дәстүрлі күй мұрасында, заманауи күйшілер (Қ. Ахмедияров, А. Жайымов және т.б.) шығармашылығында, сондай-ақ, автордың басқа бірқатар күйлерінде де кең орын алған.
5. Ә. Желдібаев күйінің ладтық-композициялық құрылымында батысқазақстандық күйлерден белгілі буындық форма қолданылған. Алайда күй әуенінің дамуында шертпе стилінің ықпалынан фактуралық ерекшеліктер пайда болған;
6. Бөкейлік дәстүр ықпалы күй әуенін дамыту тарауларынан да байқалады;
7. Күй кіріспесінің интонациялық жүйесіндегі мотивтер оны заманауи отандық бұқаралық әнмен байланыстырады.

Осылайша автордың қайталанбас дарыны, көрген тәрбие-тәлімі мен алған білімінің және жалпыұлттық сипаттағы тақырыпты алуының нәтижесінде бір көркемдік шығарманың ішінде әртүрлі аймақтар музыкалық дәстүрлерінің заңдылықтары мен олардан туындаған стильдер өзара сабақтасып, сондай-ақ, әртүрлі жанрлар бір-бірімен табиғи және үйлесімді түрде тоғысып, мұның бәрі «Ерке сылқымның» отандық музыка мәдениетіміздің ең танымал күйлерінің қатарына қосылып, оның жарқын құбылысына айналуына әсер етті.

Әдебиеттер тізімі

1. **Шыңғожаев Ә.** Желдірме. Күйлер мен әндер жинағы. Құрастырған Н.Әшіров.– Алматы:Қазақ кітабы, 2020.–144 б.
2. **Сәттібайұлы К.** Әлі күнге дейін композиторлар одағына мүше емеспін... Ә.Желдібаевпен жүргізілген сұхбат. Қаламгер қазынасы сериясынан. 22.08.2020ж
3. Күй серісі/Ж.Жүзбай//Егемен Қазақстан. – 2017. – 13 қазан (№197). – 96
4. **Есаман Х.** Күй құрметіне арналған ескерткіш. Егемен Қазақстан, 10 Шілде, 2018. [Электронды ресурс] URL: [egemen.kz: https://egemen.kz/article/171572-kuy-qurmetine-arnalghan-eskertkish](https://egemen.kz/article/171572-kuy-qurmetine-arnalghan-eskertkish).
5. **Күйші;** әңг.К.Адырбекұлы// Түркістан. – 2009. -29 қаңтар (№4). -106
6. **Е.Тұңғышұлы** «Атадан мұра» Алматы, «Санат», 1999
7. **Бахтигалиева Д.С.** Жанр Акжелең в инструментальной (домбровой) культуре казахов. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. – Алматы, 2008.– 25с.
8. **Утегалиева С.И.** Кюи А.Жайымова в контексте домбровой традиции Западного Казахстана//Музыкалық этнографиядағы тұлға, дәстүр, мәдениет// А.Затаевичтің 150-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Құраст. Омарова А.,Недлина В.–Алматы. Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы.–С.с.2251-258
9. **Ахмедияров Қ.** Шынар. Күйлер жинағы. Алматы:Дайк-Пресс, 1999. –185б.

10. **Игілік Б.Қ.** Қытай қазақтарының домбыра күйлеріндегі жанрлы-стильдік ерекшеліктер (20-21 ғ.ғ.) // Б.Г.Ерзакович – музыка зерттеушісі. Б.Г.Ерзаковичтің 100 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2008. – 217-223бб.
11. **Мүптекеев Б.** Стилевые особенности домбровых кюев Семиречья // Традиционная музыка Азии. Проблемы и материалы. – Алматы, 1996. С.с. 64-74.
12. **Әбуғазы М.** Алтай-Тарбағатай өңірінің күйшілік дәстүрі//Музыкалық білім және музыкалық ғылым саласындағы өзекті мәселелері. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми –практикалық конференциясының материалдары.–Алматы, 2005. –196-199б.б.
13. **Байқадарова Б.** Некоторые особенности экспонирования в двухтемных кюях Курмангазы// Музыкознание. - Вып. VIII-IX. – Алма-Ата, 1976. С.с. 33-36.
14. **Құрманғазы** Сарыарқа Қ 77Күйлер (Құраст., түсініктерін жазған Қ.Ахмедияров. Әдеби өңдеген М.Құлқенов). – Алматы: Өнер, 1995. – 192б.
15. **Клопова К.** О проявлении универсальных законов в традиционной инструментальной музыке// Исполнительское творчество. История и проблемы развития на современном этапе. Материалы международной научно-практической конференции. Алматы, 2002.– С.С. 55-58.
16. **Дәулеткерей.** Күйлер. (Құраст. А.Жұбанов). – Алматы: Қазақтың мемлекеттік әдебиет баспасы, 1961. – 115б. (71б.)
17. **Балманова Г.** «Домбыра» мамандығы студенттеріне арналған «Этносольфеджио» пәнінің дәрістері. Дәулеткерей күйлері. Қолжазба. Алматы, 2020.– 7б.

References (transliterated)

1. **Shynqozhayev A.** Zheldirme. Kyler men ander zhinagy. Kyrastyrgan N.Ashirov.– Almaty: Kazak kitaby, 2020.–144 p.
2. **Sattibayly K.** Ali kynge deyin kompozitorlar odagyna myshe emespin... A. Zheldibayevpen zhyrgizilgen sykhbat. Kalamger kazynasy seriyasynan. 22.08.2020 zh.
3. Kyi serisi /Zh.Zhyzbyay// Egemen Kazakstan. – 2017. – 13 Kazan (№197). – 9 p.
4. **Esaman Kh.** Kyui kyrmetine arналған eskertkish. Yegemen Kazakstan, 10 Shilde, 2018. [Elektrondy resurs] URL: egemen.kz: <https://egemen.kz/article/171572-kuy-qurmetine-arnalghan-eskertkish>.
5. **Kyishi;** аңг.К.Адырбекылы// Tyrkistan. – 2009. -29 kantar (№4). -10 p.
6. **E.Tyngyshly** «Atadan myra» Almaty, «Sanat», 1999
7. **Bakhtigaliyeva D.S.** Zhanr Akzhelen v instrumentalnoy (dombrovoy) kulture kazakhov. Avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata iskusstvovedeniya. – Almaty, 2008.– 25 p.
8. **Utegaliyeva S.I.** Kyui A.Zhayymova v kontekste dombrovoy traditsii Zapadnogo Kazakhstana // Muzykalyk etnografiyadagy tylga, dastyr, madeniyet // A.Zatayevichin 150-zhyldygyna arналған khalykaralyk gylymi-praktikalyk konferentsiya materialdary. Kyrast. Omarova A., Nedlina V.– Almaty. Kyrmanqazy atyndagy kazak yltyk konservatoriyasy.– p.p. 2251-258
9. **Akhmediyarov K.** Shynar. Kyler zhinagy. Almaty:Dayk-Press, 1999. –185 p.
10. **Igilik B.Қ.** Kytay kazaktarynyn dombyra kylerindegi zhanrly-stildik erekshelekter (20-21 g.g.) // B.G.Erzakovich – muzyka zertteushisi. B.G.Erzakovichin 100 zhyl toluyna oray otkizilgen khalykaralyk gylymi praktikalyk konferentsiyanyn materialdary. – Almaty, 2008.– 217-223 pp.
11. **Mүптекеев В.** Stilevye osobennosti dombrovoykh kyuev Semirechya // Traditsionnaya muzyka Azii. Problemy i materialy.– Almaty, 1996. pp. 64-74.
12. **Әбуғазы М.** Altay-Tarbagatay оңірінің kyshilik dastyri //Muzykalyk bilim zhane muzykalyk gylым salasyndagy ozekti maseleleri. Kyrmanqazy atyndagy Kazag yltyk konservatoriyasynyn 60 zhyldygyna arналған khalykaralyk gylymi – praktikalyk konferentsiyasynyn materialdary.– Almaty, 2005. – 196-199 pp.
13. **Bayqadamova B.** Nekotorye osobennosti eksponirovaniya v dvukhtemnykh kyuyakh Kurmanqazy// Muzykoznaniiye. - Vyp. VIII-IXh. – Alma-Ata, 1976. p.p. 33-36.
14. **Құрманғазы** Сарыарқа К 77Күйлер (Kyrast., tysinikerin zhazgan K.Akhmediyarov. Adebі ondegен M.Kylkenov). – Almaty: Oner, 1995. – 192 p.
15. **Klopova K.** O proyavlenii universalnykh zakonov v traditsionnoy instrumentalnoy muzyke// Ispolnitelskoye tvorchestvo. Istoriya i iproblemy razvitiya na sovremennom etape. Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. Almaty, 2002.– p.p. 55-58.

16. *Dәuletкереу*. Kyler. (Kyrast. A.Zhybanov). – Almaty: Kazaktyn memlekettik adebiyet baspasy, 1961. – 115 p. (71 p.)
17. *Balmanova G.* «Dombyra» mamandygy studentterine arналган «Etnosolfedzhio» paninin daristeri. Dәuletкереу kyleri. Kolzhazba. Almaty, 2020.– 7 p.

Автор туралы мәлімет:

Әділбаева Дария Бақытқызы – Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының магистранты. Ғылыми жетекшісі: Бердібай Айжан Рахманқұлқызы.

Бердібай Айжан Рахманқұлқызы – Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Музыкатану және композиция кафедрасының доценті, философия (PhD) докторы.

Сведения об авторах:

Адилбаева Дария Бақытовна – магистрант Казахской Национальной консерватории имени Курмангазы. Научный руководитель: Бердибай Айжан Рахманкуловна.

Бердибай Айжан Рахманкуловна – доцент кафедры «Музыковедения и композиции», доктор философских наук (PhD) Казахской Национальной консерватории имени Курмангазы.

Information about the author:

Dariya Adilbayeva – master's student of Kurmangazy Kazakh National conservatory.

Aizhan Berdibay – Associate Professor of the Department of «Musicology and Composition», Doctor of Philosophy (PhD), of Kurmangazy Kazakh National conservatory.